ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫ – ЭКОНОМИКА ҮШІН АСА МАҢЫЗДЫ САЛАНЫҢ БІРІ. ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ КӘСІПОРЫНДАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТТІ НЫҒАЙТУ ӨНДІРІЛЕТІН ӨНІМНІҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУҒА ЖӘНЕ ОСЫ БАҒЫТТАҒЫ ӨСІМДІ ЖЕДЕЛДЕТУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Мейрам ПІШЕМБАЕВ,
Қазақстан машина жасаушылар одағының басқарма төрағасы,
ҚР Президентінің штаттан тыс кеңесшісі

№50 (2658)
02/07/2021
rail-news.kz

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

Вакцинация-2021

ҚТЖ: ЕКПЕ АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДА

Үстіміздегі жылы 29-30 маусым күндері «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы бас ғимаратының медициналық кабинетінде ерікті түрде вакцина салу процедурасы өтті.

Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан

Онда компанияның орталық аппараты мен еншілес теміржол кәсіпорындарынан келген қызметкерлер кезекке тұрып екпе алды. Вакциналау екі күн бойы екі пунктте қатар жүргізілді. Таңғы сағат 09:00-де басталып, 14:00-де аяқталған медициналық шарада алпыстан астам адам вакцина салдырды. Оларға таңдауына қарай екпенің 3 түрі ұсынылды. Олар – Спутник, Hayatvax, Coronavac вакциналары.

«Өзіміз келген екі күнде 68 адам егілді. Олардың көбі Hayatvax вакцинасын салдырды. 10 адам Спутник V-ді салдырды. Бір адам ғана Coronavac алды. Екпе салар алдында барлығының жағдайлары тексеріліп, қан қысымдары өлшенді. Барша пациенттерге әуелі тамақ ішіп келу қажеттігін ескерттік. Сұхбаттасу барысында соңғы жарты жылда ковидпен ауырғандар кейін қайтарылды. Ал вакцина салдырған адамдар жарты сағат дәрігерлердің бақылауында болды», – дейді «Медикер» медицина орталығының дәрігері Қарлығаш Байтөлекова.

Бұл теміржол саласы қызметкерлері арасында ұйымдастырылып отырған алғашқы шара емес. Бұған дейін де өңірлік филиалдар мен еншілес компанияларда еркін вакцинациялау жүргізіліп, көшпелі егу пункттері ұйымдастырылған болатын.

– Әлемді жайлаған індетпен күресте өзімізді және жақындарымызды аурудан сақтаудың басты жолы – вакцина. Біз бәріміз екпе салдырып, ұжымдық иммунитет қалыптастырсақ қана бұл жағдайдан шыға аламыз. Сондықтан өзім бүгін Hayatvax екпесін алдым. Вакцинаның еш жағымсыз әсерін сезіп тұрған жоқпын, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жол және құрылыс департаментінің басқарма басшысы Айдос Майқыбеков.

Медициналық шара бүгін де жалғасуда, алдағы апталарда да компания қызметкерлері толық екпемен қамтылғанға дейін жүргізіле бермек.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Тақырыптың жалғасы 4 бетте

МЕЖДУНАРОДНОЕ ПАРТНЕРСТВО

В АО «KTZ Express» состоялось совещание под председательством генерального директора Нурлана Игембаева с представителями одной из крупнейших транспортных компаний Германии – ООО «RTSB Group».

Во время совещания обсуждены совместные возможности по увеличению объемов транснациональных перевозок, созданию новых маршрутов и другие вопросы. Представители RTSB отметили, что высоко ценят сервис, оказываемый KTZ Express и готовы к тесному сотрудничеству.

Отметим, компания RTSB насчитывает около 6 тысяч клиентов, более 2 тысяч партнеров и поставщиков по всему миру. Ежедневно отгружается около 25 тысяч контейнеров. Ее филиалы находятся почти в каждой стране от Европы до Китая.

Компания специализируется на таких услугах, как интермодальные перевозки между Европой и Китаем, странами СНГ, Монголией и Турцией.

Алуа ТЛЕУБАЙ, Нур-Султан

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ПО СОСТОЯНИЮ НА 30 ИЮНЯ 2021 ГОДА В АО «НК «ҚТЖ» ВАКЦИНИРОВАНО

57 957

ЧЕЛОВЕК, ТО ЕСТЬ КАЖДЫЙ ВТОРОЙ РАБОТНИК КОМПАНИИ

В 2021 ГОДУ В АЛМАТИНСКОМ РЕГИОНЕ КАПИТАЛЬНО ОТРЕМОНТИРУЮТ

67,11 км

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПУТИ

НА ТРАНЗИТНЫХ СЕРВИСАХ СОВМЕСТНОГО ПРЕДПРИЯТИЯ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ КАЗАХСТАНА, РОССИИ И БЕЛАРУСИ АО «ОТЛК ЕРА» С НАЧАЛА ГОДА ПЕРЕВЕЗЕНО

334,5 тыс. ДФЭ

В центре внимания

ПРЕДОТВРАТИЛИ СХОД

Локомотивная бригада Карагандинского эксплуатационного локомотивного депо предотвратила возможный сход грузового поезда, заметив отсутствие накладок на рельсах.

Роман ЛЮБИМОВ,
Нур-Султан

В Карагандинской области злоумышленники совершили кражу элементов, предназначенных для соединения рельсов между собой.

Машинист Фархад Нусупов и его помощник Азамат Аман 31 мая текущего года, управляя грузовым поездом, на участке Кокпекты – Карагайлы Карагандинского отделения ГП заметили отсутствие накладок на рельсах и применили экстренное торможение. Благодаря внимательности и бдительности они предотвратили возможный сход и негативные последствия.

Стоит отметить, что эта локомотивная бригада – одна из молодых и перспективных в депо. Фархаду Нусупову 31 год, более 10 из них он работает на железной дороге. Начинал помощником машиниста, и меньше года водит поезда самостоятельно. Его помощнику Азамату Аману 25 лет. Он устроился в депо после окончания железнодорожного колледжа и работает всего три года.

В пресс-службе АО «НК «ҚТЖ» напомнили, что хищение рельсов и железнодорожных деталей потенциально влияет на безопасность движения поездов, влечет за собой имиджевые риски и финансовые потери для компании, и главное – является уголовно наказуемым деянием.

Фото автора

«ГРУППА КОМПАНИЙ «ҚАМҚОР МЕНЕДЖМЕНТ» НА ПОСТОЯННОЙ ОСНОВЕ ИНВЕСТИРУЕТ СРЕДСТВА В ПОВЫШЕНИЕ ТЕХНИЧЕСКОЙ ОСНАЩЕННОСТИ, ОСВОЕНИЕ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ, ОБНОВЛЕНИЕ СТРОИТЕЛЬНОЙ И РЕМОНТНОЙ ТЕХНИКИ ДЛЯ МАКСИМАЛЬНОГО УДОВЛЕТВОРЕНИЯ ПОТРЕБНОСТЕЙ ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ И ОБЕСПЕЧЕНИЯ КАЧЕСТВА, НАДЕЖНОСТИ И БЕЗОПАСНОСТИ НА СТАЛЬНОЙ МАГИСТРАЛИ»

Диас СУЛЕЙМЕНОВ,
генеральный директор
ТОО «Қамқор Менеджмент»

ОН СТАНЦИЯДА ӨТКЕЛ САЛЫНБАҚ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-да теміржолдағы жарақаттанушылықтың алдын алу бойынша өткен кеңейтілген мәжілісте жыл басынан бері 11 рет адам басу оқиғасы орын алғаны белгілі болды. Жолда болатын қайғылы жағдайларға көбіне белгіленбеген жерден өту себеп болады.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бөгде адамдардың станция жолдарына шығуын болдырмау бойынша шаралар жоспарын жүзеге асыруда. Көлік прокуратурасы, полиция, ҚР ИИДМ көліктік бақылаудың аумақтық органдары, БАҚ өкілдерін тарту арқылы Үйлестіру кеңесінің 71-отырысы өткізілді. Теміржолға жақын орналасқан елді мекендердің 14 мыңнан астам тұрғынын қатыстыра отырып мыңдаған кездесулер ұйымдастырылып, оларға теміржолдан өту қауіптілігі мен ережелері түсіндірілді.

«Темір жол – қауіптілігі жоғары аймақ» тақырыбындағы қауіпсіздік сабақтары 237 оқу орнының 9,8 мың оқушысына өткізілді. Теміржолда рұқсат етілмеген, бірақ адамдар жаппай өтетін жерлерде мыңдаған рейдтер өткізілді.Теміржолдың күшімен соңғы 4 жылда 54 шағын станцияда жаяу жүргіншілер төсемі салынды.

2021 жылы 10 станцияда жаяу жүргіншілер өткелін салу жоспарланып отыр. 25 станция мен жалпы ұзындығы 207 км 2 перегонда жолға бөгде адамдардың шығуына қарсы қоршаулар қойылды. Ай сайын өтпе жолдар мен жүргіншілер көпірінің, жаяу жүргіншілер жолдарының жолаушылар платформаларының техникалық жағдайы тексеріліп отырады. Темір жолда қауіпті білдіретін 237 ескерту белгісі орнатылып, 281 белгі жаңартылды.

«Темір жолдан өту ережелерін мұқият сақтаңыздар. Әр адам теміржол көлігі нысандарында жүргенде тек рұқсат етілген жерден ғана өтуі керек, яғни тоннельдер, көпірлер, өткелдер, жол өтпелерінен өту қажет. Уақытымды үнемдеймін немесе осы маған қолайлы екен деп теміржолды кез келген жерден кесіп өтуге болмайды. Өз өміріңізге өзіңіз қауіп төндірмеңіз», – деді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының орынбасары Қанат Көбесов.

Ұлан ОРАЗ

Импорталмастыру

ОТАНДЫҚ ӨНІМ ӨНДІРІСІН ҚОЛДАЙДЫ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ озық технологияларды тарта отырып, темір жол өнімдерінің отандық өндірісін ұйымдастыруға жәрдемдесу арқылы активтерді жаңарту бойынша жұмыс жүргізіп келеді. Оның жарқын көрінісі, елімізде отандық жүк және жолаушылар тепловоздары мен электровоздары, вагондары құрастырылып, жолдың үстіңгі қабаты материалдары, рельстер, бағыттамалы бұрмалар, айқастырмалар, темірбетон шпалдар, рельс бекітпелері, т.т. шығарылып жатыр.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Ірі теміржол техникаларын құрастыруға қатысты ірі жобалар өз кезегінде, теміржол өнімдері өндірісінің дамуына серпін беріп отыр. Қазіргі уақытта теміржол машиналарын жасау саласында 200-ден астам кәсіпорын еңбек көрігін қыздырып, 12 мың адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп отыр. Өндірілетін өнімдегі қазақстандық қамту деңгейі 30%-дан 80%-ға дейінгі аралықты құрауда. 2025 жылға дейін Компания тобы 242 локомотив, 2600-ден астам жүк және 400-ге жуық жолаушылар вагонын, сондай-ақ, 200 мың тоннадан астам рельс сатып алып, 3 мың шақырымнан астам жолға жаңа рельстерді төсей отырып, күрделі жөндеу жүргізуді көздеп отыр.

– Республикамызда темір жол өнімдерін локализациялау және өндіру деңгейін арттыру аясында Компания темір жол жиынтықтауыштарының негізгі номенклатурасына: мәселен, тартымдық қосалқы станцияларға арналған жоғары вольтты жабдықтар; локомотивтерге арналған тұтас таптамалы дөңгелектер мен құрсаулар, құйма бұйымдары мен резервуарлар; аккумуляторлық батареялар; композиттік материалдардан жасалған бұйымдар; радиобайланыс, теміржол автоматикасы жүйелері, тағы басқаларына қатысты импортты алмастыру мәселелері бойынша жұмыс кездесулерін өткізіп тұрады. Отандық өндірушілерге кооперацияны күшейту жолымен барынша локализациялау міндеті қойылған. Осыған орай, Компания заманауи материалдардың жаңа түрлерін пайдалану және теміржол өнімдеріне эксплуатациялық сынақтар жүргізу бойынша техникалық шешімдерді қарастыруда», – дейді ұлттық компанияның бас инженері Батыр Котырев.

Бас инженердің айуынша, локализацияның негізгі бағыттары бойынша Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен өндіруші зауыттардың басшылары кіретін жұмыс топтары құрылыпты. Бұл жұмыс топтары қазіргі жағдайда келесі мәселелерге басымдық беру қажет деп санайды. Бірінші, мемлекет тарапынан ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық қызметті қолдау жөніндегі жүйелі шараларды одан әрі іске асыру, себебі қазіргі кезде конструкторлық бюро отандық кәсіпорындардың ең осал тұсы болып тұр. Тек бірен-саран кәсіпорынның өзіндік әзірлемелерді жасауға арналған конструкторлық бюросы бар. Екінші, бәсекеге қабілеттілікті арттыру және өнімнің өзіндік құнын төмендету мақсатында ауқымды кооперация және өндірістік тізбектерді құру. Өйткені, отандық машина жасаудың негізгі проблемаларының бірі, өндірілетін бұйымдардың жоғары өзіндік құны болып отыр. Үшінші, өндірушілер тарапынан өндірілетін өнімнің сапасын арттыру болмақ.

Компания техникалық кедергілерді жою, халықаралық және ұлттық талаптарды үйлестіру мақсатында техникалық реттеу және стандарттау саласында жұмыс жүргізіп, теміржол көлігі бойынша халықаралық ұйымдардың қызметіне белсенді қатысуда. Әсіресе, Еуразиялық экономикалық одаққа қатысу техникалық регламенттердің нормаларымен өзара байланысты стандарттармен жұмыс істеуде айтарлықтай жұмысты талап етіп отыр. Оның базасында құрылған «Темір жол көлігі» №40 стандарттау жөніндегі техникалық комитеттің барлық мемлекетаралық стандарттар жобалары бойынша позициясы ГОСТ жобаларына байланыстыра отырып, қолжетімді болуда.

КТ
rail-news.kz
№50 (2658) 02/07/2021

АПТАСЫНА ЕКІ РЕТ ҚАТЫНАЙДЫ

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

Шілде айының 1-інен тамыздың 9-на дейін Алматы-2 станциясынан Достық бағытындағы №211/212 пойызы аптасына екі рет қатынайтын болды.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ Алматы-2 станциясынан аталған бағытқа пойыздардың бейсенбі және дүйсенбі күндері аттанатынын хабарлады. Бұл пойыз вагондары ауа баптағышпен жабдықталған.

Жалпы, Алакөл бағытына 11 пойыздың (8-і «Жолаушылар тасымалы» АҚ, 3 – жеке тасымалдаушылар) қатынауы қарастырылған. Атап айтқанда, олар: Нұр-Сұлтаннан – 3 пойыз; Алматыдан – 5 пойыз; Шығыс Қазақстан облысынан 2 пойыз және қала маңындағы – 1 пойыз.

Ұлттық тасымалдаушы жолаушылардан жол жүру құжаттарын, яғни билеттерді BILET.RAILWAYS.KZ сайты немесе «ҚТЖ билеттері» мобильді қосымшасы арқылы онлайн ресімдеуді, қажет болған жағдайда теміржол билеттерін сатып алу үшін «Күту парағы» функционалын пайдалануға кеңес береді. Сондай-ақ, карантин режиміне байланысты жолаушылардың жол бойында және еліміздің вокзалдарында маска режимін сақтағаны абзал.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА

Жан ПЕРДЕБЕК,
Шымкент

АЙМАҚ

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шығындар бюджетін орындау, тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ету, қауіпсіздік техникасын және еңбек қорғау шарттары мен тәртібін сақтау бойынша жүйелі жұмыстар жалғасын табуда.

Бөлімшенің алдағы уақытта шешетін мәселелеріне тоқталсақ, Қытай-Еуропа бағыты бойынша контейнерлік пойыздардың жүру жылдамдығын тәулігіне 1080 км-ге дейін жеткізуді жоспарлап отыр. Бұдан бөлек, КТТ вагондарының үлесін арттыру үшін клиенттерді шақыра отырып, «КТТ» АҚ-ның қатысуымен ай сайын кеңестер өткізуді де қолға алып жатыр.

Сондай-ақ, Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінде қажеттілікке байланысты қызметкерлерді оқытуды 100%-ға жеткізуді көздеп отыр.

«Оқытудың жаңа әдістері мен нысандарын, оның ішінде іскерлік ойындарды пайдалана отырып, техникалық сабақтарды өткізу сапасын жақсартсақ дейміз. Жұмыс орындарындағы пойыздық және нормативтік-техникалық құжаттамалар тізбесін өзектендіруді жүргізу және QR-кодтар негізінде «электрондық кітапханаға» енгізе отырып, пойыздық және нормативтік-техникалық құжаттамалар тізбесін жергілікті шарттар бойынша әзірлеуді бастадық», – деді Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінің бас инженері Ильяс Нұржанов.

РЕЛЬСТЕН ШЫҒЫП КЕТТІ

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

ОҚИҒА

Нұр-Сұлтан станциясы іргесінде бензин құйылған 4 цистерна рельстен шығып кетті. Абырой болғанда зардап шегушілер жоқ.

28 маусым күні сағат 13:30-да елорда іргесіндегі «Өндіріс» теміржол станциясынан бензин құйылған 4 цистернаның рельстен шығып кеткені туралы хабар түскен. Оқиға орнына дереу қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері келіп жетті. Төтеншелікте бензин құйылған 4 цистернаның рельстен шығып кеткенін көрді. Алайда, бензин төгілмеген, цистерналар да аударылмаған.

Төтенше жағдайлар департаменті баспасөз қызметінің хабарлауынша, оқиға орнында тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Электр желілері жинақталып, жедел штаб құрылды. Оқиғаның салдарымен жұмысқа жеке құрамнан 25 адам, 4 арнайы техника жұмылдырылды. Сонымен қатар Нұр-Сұлтан Төтенше жағдайлар департаментінің өртпен күрес бекеттері орнатылды.

«ASHYQ» ЖОБАСЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

ЖҮЙЕ

1 шілде күні Маңғыстаудағы теміржол вокзалында «Ashyq» жобасы ресми түрде жұмысын бастады. Маусымның ортасынан бастап жоба түбектің Маңғыстау және Бейнеу теміржол вокзалдарында сынақ ретінде қолданылып келген еді.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Кеше түске дейін Маңғыстау вокзалында болып, жолаушылардың жаңа жүйемен танысып, өз статусын тексергендерінің куәсі болдық.

Вокзал кассасына билет іздеп келген жергілікті тұрғын Дәметкен Сәриева «Ashyq» жобасы туралы естіп жүргенімен, өзі қолданып, мәртебесін анықтап көрмепті. Құжатының жеке сәйкестендіру нөмірін вокзал кіреберісінде планшетпен отырған вокзал кезекшісіне ұсынған ол лезде өз статусын анықтады. Нәтижесі көк шықты. Сондай ақ сол жердегі вокзал қызметкерлерінен QR-код арқылы анықтау жолын біліп, өзі тексеріп көрді.

– Билет алғалы жатсақ та «Ashyq» жобасы жайлы естігелі пойызға мінгізе ме, жоқ па, қалай болады деген сан сұрақ бар еді. Енді, міне, қазір бәрін түсіндім. Жобамен өзіміздің қай статуста екенімізді оңай біліп, билет алып, жолға алаңдаусыз шықсақ болады екен, – дейді ол.

Вокзалда смартфоны жоқтар және жүйені қолдануды білмейтіндер үшін арнайы қызметкер бекітілген. Ол қаладан кіреберіс есіктің алдында планшетпен жолаушылардың мәртебесін анықтауға көмектесуде. Сондай-ақ, вокзал дикторы да осы жұмысқа қолғабыс етуде. Оған қоса әкімдік тарапынан волонтер да бөлінген екен.

– Бүгін таңертеңнен түске дейін елуге жуық адам жүйеден өткізілді. Олардан жасыл және көк нәтиже шықты. Сары, қызыл мәртебесі бар адамдар кездеспеді. Адам саны түстен кейін Атырау және Ақтөбе пойыздарының келіп кету аралығында күрт көбейеді деп отырмыз. Қазір соған дайындық ретінде әкімдіктен жіберілген еріктіні үйретіп жатырмыз. Түске дейін өткендердің дені билет алуға келген және өздерінің мәртебесін анықтап білгісі келетін қызығушылар болды. Сынақ мерзімінде жұмыс бастағалы жалпы үш қызметкер осы жұмысқа бекітілгенбіз, – дейді кіреберісте планшетпен жолаушыларға көмектесіп отырған вокзал кезекшісі Салтанат Байтабынова.

Суретті түсірген автор

Еліміз бойынша теміржол вокзалдары мен әуежайларына орнатылып жатқан «Ashyq» жобасы ел шығысына да жетті. Шілденің 1-нен бастап жолаушылар нөпірі аса көп, шығыс аймағындағы ең ірі екі қала Семей және Аягөз станцияларындағы теміржол вокзалдары осы бірегей жобаға қосылу арқылы жұмыс жүргізу тәртібіне көшті.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Аталмыш жаңашылдық вокзал шаруашылығының қызметкерлеріне жаңа жауапкершілік жүктеп, жұмыс барысын біршама күрделендіруде. Осы орайда Семей ЖТ бөлімшесі бойынша вокзал шаруашылығы қызметкерлеріне шағын лездеме өткізіліп, атқарылар шаралар барысын бірлесіп пысықтады.

Семей магистральдық желі бөлімшесі бастығының вокзал шаруашылығы бойынша орынбасары Ерлан Битеміровтің айтуынша, аталмыш жаңашылдық аса көп қиындық тудырмайды. Тек белгіленген талап-ережелер қатаң сақталуы тиіс.

– Баса атап өтер жайт, вокзал кешенінің кіреберісінде QR-кодты сканерлеу арқылы кіру жүйесі іске қосылады. Ал қосымша болмаған жағдайда вокзал қызметкеріне жеке сәйкестендіру нөмірін көрсетуі қажет. Қаламызда оқитын шетелдік студенттердің саны көп екенін ескерсек, олардың мәртебелері паспорт нөмірлері арқылы тексеріледі, – дейді бұл орайда пікір білдірген Семей вокзалының жаңадан тағайындалған бастығы Есет Қажығұлов.

Мәселе сол, вокзалға алысжақын ауылдық елді мекендерден келушілер қатары көп. Тәулігіне мыңға жуық адам шартарапқа ағылып жатады. Демек, вокзал қызметкерлері үшін жергілікті жолаушылар қауымы жаңа жүйеге қалыптасқанша қауырт жұмыстар жүргізу қажеттігі туындайды. Қазіргі тәжірибе көрсеткендей, ashyq жобасын қолдануда алыс ауылдардан келген жолаушылар мен егде жастағы адамдар үшін вокзал қызметкерлерінің көмектері аса қажет.

Тағы бір атап өтер мәселе, жаңа жүйенің енгізілуімен ендігі аралықта шығарып салушылар теміржол бекетінің ғимаратына кірмейді, пойызға отыруға билеті бар тұрғындар ғана перронға өте алады. Вокзалдың қос қапталындағы есіктер де жабылып, күзет шаралары күшейтілуде.

Жалпы, қазіргі күні жазғы маусымға байланысты жолаушылар нөпірінің артқаны байқалады. Мәселен, маусымның 17-нен бастап аптаның тақ күндері Алакөл бағытына қатынайтын №457Т Семей-Жалаңашкөл пойызының жүрер сәті де қарбаласқа толы. Сол тәрізді №067Т Өскемен-Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол бағытындағы пойыздың жаңа тәртіппен күнделікті қатынауға көшуі де жолаушылар нөпірін арттырып, қосымша жүктеме туғызуда. Әйтсе де, сақтық пен қауіпсіздік шараларын бәрінен жоғары қоятын жергілікті теміржолшылар қауымы «жаңа жобаға сүйенуде біз үшін ешқандай қиындық жоқ» дейді.

Суретті түсірген автор

Қауіпсіздік

КЕДЕРГІ АЗАЙМАЙ ТҰР

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі қауіпсіздік бөлімінің бас маманы Бақытбек Сәрсенов жыл басынан бері жергілікті теміржолшылар тарапынан кешенді іс-шаралар қолға алынып, көлемді жұмыстар жасалғанмен, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігіне түрлі деңгейде қауіп төніп, соның әсерінен жылжымалы құрамдардың қозғалыс кестесі бұзылып отырғанын хабарлады.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Жалпы бөлімше бойынша биылғы жылдың алты айында локомотив машинистері жолға шыққан мал-жанды баспас үшін 28 рет шұғыл тежегіш беріп, пойызды тоқтатқан.

– Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Сексеуіл-Жезқазған, Сексеуіл-Түркістан станциялары аралығында пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін біз қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Алайда, бөгде адамдар мен иесіз малдың теміржолға шығып кетуінен қозғалысқа кедергі көбейіп отыр. Қараусыз малдың пойызға басылу жағдайы өткен жылмен салыстырғанда 5 жағдайға артып отыр. Адамдардың пойыз астына түсуі көбіне ішімдіктің салдарынан және белгілі-белгісіз аурудың, түсініксіз жағдайдың әсерінен өз өмірлеріне қауіп төндіретіндер де көбейген. Ал халықтың бала-шағасының несібесіне деп өсірілген ақ-адал малын қараусыз жіберіп, пойыздың астына түсуіне жол беруі барып тұрған жауапсыздық емес пе? – деп шарасыздық танытты қауіпсіздік бөлімінің бас маманы Бақытбек Сәрсенов.

Қауіпсіздіктің сақталуы үшін аймақ теміржолшылары жол бойындағы қоршауларды арттырған, биыл ескілерін жаңартып, жаңадан 74 шақырымды қоршау жұмыстары қолға алынуда. Сонымен қатар 137 шақырым қоршауды жаңартып-жөндеу жұмыстары барысында 16,33 шақырым қоршау жөндеуден өткізіліпті. Жыл басынан бері станцияларда 139 рет түсіндіру жиындары өтіп, ол 4470 адамды қамтыған. Теміржол маңына мал бағу және жолдан малды айдап өткізу ережесімен 6729 тұрғын таныстырылған, 4738 тұрғынға ҚР әкімшілік Кодексінің 439-бабының 1-5-тармақшаларынан үзінді парақтар таратылған. Мектептер мен жоғары оқу орындарында 73 рет жиналыс өткізіліп, 5187 оқушыға теміржолдың қауіптілігі түсіндірілген. Желілік Iіб инспекторлары мен теміржолшылар бірлесіп 76 рет рейд өткізген.

> ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ СТАНЦИЯЛАРДА 139 РЕТ ТҮСІНДІРУ ЖИЫНДАРЫ ӨТІП, ОЛ 4470 АДАМДЫ ҚАМТЫҒАН. ТЕМІРЖОЛ МАҢЫНА МАЛ БАҒУ ЖӘНЕ ЖОЛДАН МАЛДЫ АЙДАП ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІМЕН 6729 ТҰРҒЫН ТАНЫСТЫРЫЛҒАН, 4738 ТҰРҒЫНҒА ҚР ӘКІМШІЛІК КОДЕКСІНІҢ 439-БАБЫНЫҢ 1-5-ТАРМАҚШАЛАРЫНАН ҮЗІНДІ ПАРАҚТАР ТАРАТЫЛҒАН.

Суретті түсірген автор

№50 (2658) 02/07/2021

ИННОВАЦИИ ДЛЯ УСПЕШНОЙ ЭКСПЛУАТАЦИИ

КОНФЕРЕНЦИЯ

Сервисное обслуживание путевых машин, сложности при ремонте грузовых вагонов, а также инновационные технологии и цифровизацию отрасли обсудили на международной конференции Объединения производителей железнодорожной техники (ОПЖТ) в столице Казахстана.

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

Организатором двухдневного мероприятия, объединившего представителей отраслевых предприятий Казахстана, России и Украины, выступили АО «НК «ҚТЖ» и НП «ОПЖТ».

От АО «НК «ҚТЖ» в конференции приняли участие первый заместитель председателя правления компании Канат Альмагамбетов, главный инженер Батыр Котырев, заместитель директора по эксплуатации Дирекции магистральной сети Толеубай Кенжебеков и другие.

Выступая с приветственным словом, Канат Альмагамбетов подчеркнул актуальность развития инновационных технологий при производстве и обслуживании железнодорожного подвижного состава, а также важность сотрудничества с НП «ОПЖТ». Батыр Котырев, в свою очередь, рассказал о роли АО «НК «ҚТЖ» в развитии железнодорожного машиностроения. А Толеубай Кенжебеков заострил внимание на системе эксплуатации и ремонта путевых машин.

– ҚТЖ эксплуатирует парк путевых машин производства Российской Федерации и ведущих

европейских стран, – проинформировал он. – На протяжении последних лет компания в плановом порядке ведет работу по обновлению путевой техники.

Что касается обслуживания и ремонта путевой техники, они производятся на специализированных ремонтных предприятиях. Это более 20 компаний. Однако в этом вопросе, по мнению Толеубая Кенжебекова, еще есть к чему стремиться.

– С 2019 года мы имеем опыт долгосрочного контракта на полное годовое и техническое облуживание машины для капитального ремонта пути серии SMD 80. В результате значительно снизились простои машины. В дальнейшем рассматриваем вопрос о сервисной модели обслуживания путевых машин, – отметил он.

Генеральный директор ТОО «Қамқор Вагон» Сакен Тулебаев в своем выступлении поднял вопрос внесения дополнительных параметров в комплектующие вагона (справка 2731), а также в технические паспорта на литые детали тележек (справки 972, 8974).

– С 1 августа 2020 года получаем литье с набитыми на боковой раме и рессорной балке сроками службы. Однако на литье, изготовленном по старому ГОСТу, маркировка отсутствует, из-за чего ни осмотрщик, ни ремонтное депо не могут определить оставшийся срок службы. Поэтому нужно внести соответствующие изменения в технические паспорта и программное обеспечение, – считает он.

Кроме того, Сакен Тулебаев призывает взвешенно относиться к увеличению межремонтного периода для грузовых вагонов.

– Количество инновационных вагонов растет с каждым днем, увеличиваются межремонтные периоды. Однако нельзя заострять внимание только на ходовой части, помимо этого есть и другие узлы и детали. Необходимо ввести систему планово-предупредительного ремонта через определенное время, чтобы делать ревизию тормозного и автосцепного оборудования, корпуса, – подчеркнул спикер.

По его мнению, нужно увязать гарантийные сроки эксплуатации деталей, резино-технических изделий с межремонтным сроком, разработать перечень регламентных работ при плановых видах ремонта.

Вместе с тем Сакен Тулебаев предложил переработать методику измерений предельно допустимых в эксплуатации износов узлов и деталей вагонов и тележек, регламентирующую порядок расследования нарушений безопасности движения. И принять документ на межгосударственном уровне.

В завершение первого дня президент НП «ОПЖТ» Валентин Гапанович отметил, что по всем поднятым вопросам будут выработаны решения.

На второй день участники конференции отправились в Екибастуз, где посетили железнодорожный кластер Railways Systems KZ.

Фото Наримана МУРЗАБАЕВА

Инфраструктура

На этой неделе работники Защитинской дистанции пути, взяв технологические окна, работают на участках Оскемен-1 – Усть-Каменогорск, а также Оскемен-1 – Коршуново, где проходит усиленный средний ремонт пути.

ОБНОВЯТ ПУТЬ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

В 2021 году по Защитинской дистанции пути запланирован средний ремонт на 9 километрах и усиленный средний ремонт на 13,1 километра пути.

– С 20 июня начали усиленный средний ремонт пути с применением машин тяжелого типа, – рассказала ведущий инженер производственно-технического отдела Защитинской дистанции пути Сагыныш Наурызбаева. – За первую неделю выполнено уже 1,5 километра. Усиленный средний ремонт пути начался сразу на двух участках – Оскемен-1 – Усть-Каменогорск и Оскемен-1 – Коршуново.

Средний усиленный ремонт планируется выполнить за лето именно на этих двух участках и дойти до границы с Серебрянской дистанцией пути, а также до 246-го километра на ходу Оскемен-1 – Коршуново. Здесь довольно высокая грузонапряженность, и поэтому проведение среднего усиленного ремонта, способствующего укреплению пути, важно. Последний раз такой ремонт в Защитинской дистанции пути проводили в 2019 году, но на другом перегоне – Оскемен-1 – Шемонаиха.

Тяжелую технику, а пришла она с ПЧМ станции Акадыр, работники Защитинской дистанции пути задействуют по полной. Она не должна простаивать. Для того чтобы выполнить усиленный средний ремонт, необходимо с ее помощью снять старые шпальные решетки, убрать щебень под ними, грейдером очистить балласт, положить новые шпальные решетки, засыпать полотно, провести выправочно-подбивочные работы.

Средний ремонт в Защитинской дистанции пути начался

с мая, и его уже выполнили на 4,5 километра пути по участку Оскемен-1 – Шемонаиха. В мае сделали 2 километра среднего ремонта, в июне – 2,5 километра. Рельсы путейцы начали менять с апреля – из-за бокового износа пути, на Шемонаихинском ходу. Всего сменили рельсы на 1,7 километра.

По плану путейцы ПЧ-37 также должны поменять стрелочные переводы – 11 комплектов, но пока материалы к ним не поступали. Стрелочные переводы будут менять на нескольких станциях, включая Предгорную, Шемонаиху, Риддер.

– Для проведения ремонта берем технологические окна с четырех часов утра, – говорит Сагыныш Наурызбаева. – Это связано с тем, что сейчас ежедневно на станцию Оскемен-1 прибывают и, соответственно, отправляются с нее пассажирские поезда сообщением Алматы – Оскемен-1, Нур-Султан – Оскемен-1, Оскемен-1 – Алтынколь. Поэтому окна нам дают ранним утром, чтобы не препятствовать пассажирскому движению.

Фото Мансура СЕРИКБАЕВА

ЗАДАЧИ ВЫПОЛНИМЫ

ИТОГИ

В Акмолинском отделении грузовых перевозок за пять месяцев с начала года выполнены к плану 7 из 16 основных эксплуатационных показателей.

Надежда НОВИЦКАЯ,
Кокшетау

Так, статическая нагрузка на вагон выполнена 100,6%, среднесуточная производительность локомотива – 101,8%, среднесуточный пробег локомотива – 101,0%. Техническая скорость к плану достигла 100,2%, оборот местного вагона составил 106,6%, средний вес грузового поезда – 100,6%, процент порожнего пробега грузовых вагонов к груженому – 102%.

– Одни из приоритетных задач Акмолинского отделения ГП – это обеспечение безопасности движения и производственной



безопасности, оптимизация затрат, повышение производительности труда и улучшение качественных показателей, – говорит начальник оперативно-распорядительного отдела Расул Буратаев. – Кроме того, уделяется особое внимание повышению маршрутной скорости контейнерных поездов, а также развитию автоматизированных систем управления.

За пять месяцев текущего года выполнение вариантного графика движения поездов и рейсового движения в Акмолинском отделении ГП составляет более 70%, что выше порогового уровня.

Для улучшения работы по безопасности движения и охране труда в первом полугодии проведен ряд месячников. Вместе с тем разработаны мероприятия по повышению эффективности работы во втором полугодии, а именно по выполнению плановых показателей использования вагонного парка, погрузки грузов и достижению результативности других эксплуатационных показателей.

План мероприятий направлен на обеспечение бесперебойных и безопасных перевозок и дальнейшее усовершенствование работы Акмолинского отделения ГП для выполнения поставленных перед ним на 2021 год целей и задач.

Фото автора

ЛЕТНИЙ ЭКЗАМЕН

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

ПРОФИЛАКТИКА

В Костанайском регионе началась борьба с травой на железнодорожных путях.

Травоборьба, как здесь называют период активного истребления сорняков на путях, ведется в регионе все лето, вплоть до 30 октября.

Как сообщил директор Костанайского отделения магистральной сети Булат Баймагамбетов, на сегодня в травоборьбе задействованы работники всех станций, дистанций и перегонов Костанайского региона. Лидируют в этой борьбе станции Кушмурун, Аркалык, Есиль. Но расслабляться ни на одной из станций не намерены. Ведь дикая растущая на путях трава – один из основных факторов риска, угрожающих безопасности движения.

– Травоборьба – это очень серьезный вопрос. Сроки обозначены, стратегия намечена, работа ведется, – говорит Булат Баймагамбетов. – Прополка травы будет производиться до конца октября по всем дистанциям. Везде, в том числе на перегонах между станциями, ведется скос бурьяна вдоль путей и вырубка кустов в непосредственной близости к полотну. Эта работа очень трудоемкая, но она не останавливается ни на один день. Мы очищаем от травы километр за километром, невзирая на дожди и жару, поскольку от этого зависит безопасность движения.

Фото автора

СРАБОТАЛИ НА «ОТЛИЧНО»

Анна МАРЬИНА,
Уральск

УЧЕНИЯ

В районе железнодорожного вокзала станции Уральск произошло возгорание в железнодорожной цистерне с нефтепродуктами.

Огонь стал распространяться на другие цистерны, появилась угроза попадания огня на железнодорожный состав, расположенный рядом. Ликвидацию чрезвычайной ситуации все задействованные в учениях службы провели на «отлично».

Согласно сценарию учений, на станции Уральск произошло возгорание цистерны с нефтью в районе железнодорожного вокзала. Возникший пожар и сильное задымление представляли реальную угрозу объектам станции, ближайших строений, включая вокзал, здоровью и жизни пассажиров, находящихся на перроне и в вагонах пригородного поезда, из-за отравления продуктами сгорания, а также была вероятность распространения огня на здание багажного отделения и почтамта АО «Казпочта». Учитывая погодные условия, когда длительное время стоит сухая и очень жаркая погода (в пределах 35-42 °С), подобное развитие событий весьма вероятно.

В соответствии с планом, в 10.00 дежурный по отделению дороги оповестил о пожаре дежурного ДЧС по ЗКО, дежурную телефонистку Уральского узла связи Трансгелекома, первых руководителей всех структурных подразделений согласно списку, а также отдал приказ о поднятии восстановительного и пожарного поездов, подачи их к месту пожара.

Незамедлительно в район пожара на безопасное расстояние был подан восстановительный поезд. Сотрудники военизированной железнодорожной охраны и линейного отдела полиции оцепили место происшествия, освободив дорогу для спецтехники ДЧС и экстренных служб. На требуемое расстояние прибыли пожарный поезд отряда противопожарной службы по станции Уральск и пожарные расчеты ДЧС по ЗКО.

В считаные минуты были развернуты пожарные рукава с обеих сторон, горящая цистерна залита пеной, источник возгорания ликвидирован. После этого цистерна была поднята восстановительным поездом для транспортировки в ремонтное предприятие. Пострадавшим оказана первая медицинская помощь.

– Учения прошли в штатном режиме, все подразделения отработали в четком соответствии с инструкциями, – отметил начальник Уральского отряда НГПС Серик Кусаинов.

В общей сложности в учениях приняли участие 7 человек личного состава пожарного поезда станции Уральск и 29 работников железнодорожного транспорта причастных предприятий и задействованных в учениях экстренных служб. Цели учений достигнуты.

Фото автора

КТ
rail-news.kz
№50 (2658) 02/07/2021

Жамбыл теміржолына қарасты тоғыз жолдың торабындағы Түрксіб станциясының теміржолшылары түгелдей дерлік вакцина салдырып үлгерді. Ұжымдағы жүз шақты қызметкердің дені денсаулықтарына жауапкершілікпен қарайтындарын аңғартып, екпе салдырды.

ҰЖЫМ ҰСТАНЫМЫ – ДЕНСАУЛЫҚ

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл

Станция басшысы Тимур Қисановтың сөзіне қарағанда, олар түсіндірме жұмыстарын мұқият әрі сауатты ұйымдастырыпты. «Қауіпті індеттің зардабын әлем елдерімен бірге біздің аймағымыздың тұрғындары да сезінді. Рас, бастапқыда бәрімізде де күмән, сенімсіздік болды. Алайда, уақыт індетпен ойнауға болмайтындығын көрсетті. Қаншама замандастарымыздан айырылып қалдық, жақын-жұрағаттарымыз, туған-туыстарымыз көз жұмды. Алайда, біз «Қазақстан темір жолы» компаниясы басшылығының қолдауымен медициналық, гигиеналық құралдарды әу баста қолданып, санитарлық сақтық шараларын ерте бастап кеттік. Әлі сол үрдістен жаңылған жоқпыз. Соның арқасында ұжымда шығын жоқ», – дейді станция басшысы.

Ал станция басшысының орынбасары Ердәулет Төлеков әріптестерінің денсаулықтарына байыппен қарайтынын мақтанышпен жеткізді. Ұжымда вакцинаны ең алдымен басшылық құрам алған екен. Содан соң, қызметкерлердің екпеге деген сенімдері күшейіп, жалғастырып әкеткен.

«Екпені ғалымдар еріккеннен ойлап тапқан жоқ. Президенттің те, Елбасының да вакцина салдырғанына куә болдық. Демек, ол біздің деніміздің саулығының кепілі деп қарауға тиіспіз. Станция мамандары негізінен ресейлік «Спутник В» екпесі мен араб-қытай елдерінің бірлесе шығарған өнімі – «ХаятВакты» қабылдады. Барлығымыз да бірінші, екінші компоненттерін алдық. Қазір барлығымыздың да денсаулықтарымыз жақсы. Ешқандай шағымымыз жоқ», – деп атап өткен ол қауіпті індет таралғалы ұжымда бір-ақ теміржолшы пневмониямен сырқаттанғанын жеткізді. Ол қазіргі таңда қатарға қосылып, өнімді еңбек етіп жүр.

Ал «Түрксіб» вокзалының бастығы Данияр Райкулов мекеменің көрінетін бірнеше тұсына арнайы плакаттар ілініп, «Ashyq» жобасының QR-коды ілінгенін мәлімдеді. Бұл бойынша қызметкерлерге де түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жолаушыларға қызмет көрсету шаралары жалғасуда. «Коронавирус инфекциясы тарала бастағанда әзірлік жұмыстарын жүргізіп, вокзалды медициналық-санитарлық қондырғылармен, бұйымдармен қамтамасыз еткен болатынбыз. Сол шараны содан бері үзген жоқпыз. Келушілердің дене қызуын өлшеу құрылғылары, қолғаптар, бетперделер, антисептикалық сұйықтықтар үнемі келіп тұрады. Дәрі-дәрмек қобдишаларымыз да дайын», – деді ол.

Суретті түсірген автор

ПРОДУКТИВНАЯ НЕДЕЛЯ

День за днем коллектив АО «НК «ҚТЖ» набирает все более крепкий общий иммунитет благодаря массовой вакцинации от covid-19.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Султан

По данным на 1 июля 2021 года, вакцинировано около 58 тысяч сотрудников компании. При этом общий процент вакцинированных составил 51,9%. Только за последнюю неделю рост вакцинированных железнодорожников составил более 8 000 человек.

Важно, что на железной дороге проводится постоянная разъяснительная работа по вакцинации. Работники магистрали по всей стране принимают участие в онлайн-встречах с врачами на тему «Вакцина против covid-19». Как правило, вакцинация проходит без отрыва от производства, на базе медицинских кабинетов, действующих в депо и на станциях.

При этом всегда перед прививкой работников врач-терапевт проводит осмотр на месте и определяет возможность получения вакцины.

Среди лидеров в разрезе регионов в первой пятерке Кокшетау, Қызылорда, Тараз, Шымкент и Илецкий железнодорожный участок.

О ПОЛЬЗЕ ПРИВИВКИ – НАГЛЯДНО

Руководство и профсоюзный комитет Алматинского отделения грузовых перевозок вручили благодарственные письма работникам станции Алматы-2 за создание и участие в социальном ролике о пользе вакцинации с наглядной демонстрацией необратимых последствий заражения covid-19.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

С целью формирования коллективного иммунитета работники станции Алматы-2 рьяно взялись за дело: был написан сценарий, определены роли. Причем важно заметить, что железнодорожники со своей задачей отлично справились – играли эмоционально и с большим вдохновением. В видео отчетливо демонстрируется, что рано или поздно вирус может добраться практически до каждого. И никто не застрахован от болезни. Ролик получился поучительным и полезным и вызвал положительные отклики среди работников компании.

– Вы проделали большую работу, ведь железнодорожникам в своей практической деятельности приходится контактировать с разными категориями людей, и они больше других подвержены риску заражения коронавирусом. Смысл массовой вакцинации не только в том, чтобы защитить отдельного человека, но и его окружающих и близких, – отметил директор Алматинского отделения грузовых перевозок Берик Акчалов.

Стоит также отметить, что на сегодняшний день по Алматинскому региону из 14 465 работников отрасли вакцинировано 7 573, то есть 52,3%. По Алматинскому отделению ГП численность сотрудников составляет 5 218, из них вакцинированы 2 539 работников, или 49,9%. Что касается станции Алматы-2, то здесь процент вакцинации составил 34,3% (из 166 человек прошли вакцинацию 57). И работа в этом направлении продолжается.

Фото автора

Ел шығысындағы теміржолшылар қауымы коронавирус инфекциясына қарсы жаппай вакцинациялау науқанын қызу түрде өткізуде. Мақсаттары – қауіпті індетке қарсы ұжымдық иммунитет қалыптастыру.

ІНДЕТТІ ЖЕҢУ – МІНДЕТ

Қуан ЕРТІС,
Семей

Маусымның 30 күнгі мәлімет бойынша, Семей магистральдық желі бөлімшесі қызметкерлерінің 52 пайызы екпе алды. Алғашқы болып НЖС-6 директоры Айдын Шәукежанов пен бөлім басшылары вакцина алған болатын. Алғашқыда сылбыр басталғанымен, қазіргі таңда ақпараттандыру жұмыстарының тиімді жүргізілуінің нәтижесінде бұл іс қарқын алуда. Екпе қабылдау бойынша әсіресе жол шаруашылығы теміржолшылары алда келеді. Мәселен, Семейдегі ПЧ-42 мекемесі қазіргі күннің өзінде 70 пайызға жуықтаса, Жаңа-Семей жол дистанциясы 62 пайызға жетіп отыр. Ал Защита өңірінің жолшылары 72 пайызбен көш бастап келеді.

– Күн сайын екпе алған әріптестердің санын арнайы тіркеп отырамыз. Соңғы апталарда екпе алушылар қатары күрт артты. Қазіргі күні 52 пайыз қызметкерлер вакцина алды. Өңіріміз бойынша 4 түрлі вакцина бар. Әйтсе де, ағзаға кері әсері байқалмауы себепті, әрі жеңіл өтетіндіктен теміржолшылар арасында ковид-19 вирусына қарсы отандық «qazvac» пен «hayatvax» екпелеріне сұраныс жоғары болып тұр. Егер дәл осы қарқынды жоғалтпасақ, алдағы қыркүйек айына дейін ұжымдық иммунитет қалыптастыруға толықтай қол жеткізетін боламыз. Себебі, қаламыздағы сауда орындары мен Семей, Аягөз сынды ірі қалаларда жылжымалы вакцинациялау пункттері ашылуда, – дейді бұл орайда пікір білдірген НЖС-6 бөлімшесінің кадр бөлімі басшысы Данияр Баймағұлов.

Қазіргі таңда шығыстағы теміржолшылар қауымы вакцинаның тиімділігі және алғашқы компонентін алғаннан кейінгі әсерлері жайында әлеуметтік желілерде жағымды пікірлер жариялап, өзге әріптестерін де шақыруда. Сәйкесінше, түсіністік танытушылар көп. Яғни, екпе алу науқаны ерікті түрде өтіп жатыр деген сөз.

Суретті түсірген автор

Объявление

«АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» в целях соблюдения гласности, транспарентности деятельности, а также соблюдения баланса интересов с потребителями, намерено провести слушание перед потребителями услуг и иными заинтересованными лицами о деятельности по регулируемым услугам, относящимся к сфере естественной монополии, за первое полугодие 2021 года.

На данном слушании будет освещена информация об основных финансово-экономических показателях деятельности, об исполнении утвержденной инвестиционной программы, об объемах предоставленных регулируемых услуг, о проводимой работе с потребителями услуг, о постатейном исполнении утвержденной тарифной сметы, о перспективах деятельности и качестве предоставляемых услуг.

АО «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» включено в республиканский раздел Государственного регистра по следующим услугам:

– магистральной железнодорожной сети;
– подъездных путей;
– по передаче электрической энергии.

Дата проведения: 29 июля 2021 года в 15.00 (по времени г. Нур-Султан) в формате онлайнконференцсвязи.

Кроме того, сообщаем, что заявки на участие в публичном слушании принимаются до 15.00. 28 июля 2021 года по контактным телефонам 60-37-09, 60-37-18 или на электронную почту Syzdykov_MZh@railways.kz.

СПОРТ

ТАКТИКА, МОТОРИКА, ПАМЯТЬ

В Караганде состоялся турнир по настольному теннису среди железнодорожников. Работники стальной магистрали сразились за звания лучших в одиночном и парном разрядах.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Организатором мероприятия выступило Карагандинское отделение ГП. Молодые железнодорожники отделения создали спортивный альянс и в свободное от работы время стараются проводить свой досуг сообща. Идейными вдохновителями спортивной команды стали ведущий бухгалтер Карагандинского отделения ГП Алуа Бижанова и помощник НОДа Мухит Жамиев.

– В настоящее время очень важно пропагандировать здоровый образ жизни, вопреки болезням, которые хотят сломить нас. Нужно не унывать и постоянно находиться в движении, – говорит Алуа Бижанова. – Настольный теннис – один из любимых видов спорта наших молодых сотрудников. Благодаря ему вырабатывается мгновенная реакция и быстрый удар. Также настольный теннис развивает мелкую моторику, тренирует мышцы рук.

В очередной раз железнодорожники показали отличную игру, продемонстрировав профессионализм и чувство локтя.

Однако, несмотря на дружескую атмосферу, борьба за призовые места разыгралась нешуточная. Ведь ни один турнир не обходится без победителей и призеров. Особенно отличились работники филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Центральный департамент автоматизации и цифровизации» ОПЛП Караганда. Так, в одиночном разряде по настольному теннису первое место занял начальник сектора Автоматизированной системы управления сортировочных станций (АСУСС) Аслан Кадиров, второе место у старшего электромеханика сектора АСУСС Машура Макишева, а третье занял его коллега – электромеханик Руслан Колузаев.

В парном разряде «золото» вновь завоевал Аслан Кадиров на пару с ведущим инженером-программистом филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция автоматизации и цифровизации» Думаном Мусиным, на второй ступени пьедестала почета Машур Макишев и Алуа Бижанова. Третье призовое место присуждено ведущему экономисту Карагандинского отделения ГП Ержану Сламгали и электромеханику сектора АСУСС Руслану Колузаеву.

Стоит отметить, что сотрудники железной дороги проявляют мастерство и показывают отличные результаты не только в настольном теннисе, но и в футболе, легкой атлетике, волейболе, дартсе и других видах спорта.

Фото автора

ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ЖАРЫС

Жергілікті теміржолшылардың жақсы көретін спорт түрінің бірі – шағын футбол. Осы спорт түрінен Атырауда жыл сайын бірнеше жарыс өтеді. Жуырда кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен жуырда Ганюшкино станциясында «Казпрофтранс 2021» Темір жол футбол лигасының кубогы» іріктеу ойыны өтті.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Турнирге Ганюшкино торабының 4 командасы қатысты. Олар – Ганюшкино станциясы, ВЧДЭ-1, ТЧЭ-3 және ВЖДО командалары. Күннің ми қайнатар ыстығына қарамастан командалар ойынды ақырына дейін ойнап шықты. Мектептің футбол алаңында өткен жарыста қарсыласына ұпай бермеуге тырысқан ойыншылар қызу додаға түсіп, тартысты да шиеленісті ойын көрсетті. Бірі жеңіп, екіншісі жеңіліп жатқан командалар ойынын қызықтаушылар да қиқуға басып, көптен болмаған қызыққа батты. Бірнеше сағатқа созылған талас пен тартысқа толы ойын локомотившілер пайдасына шешіліп, жүлделі бірінші орын тұғырынан көрінді. Екінші орынды әскерилендірілген күзет қызметі командасы иеленді. Ал, үшінші орынды вагоншылар ұтса, Ганюшкино станциясы командасы төртінші орынды місе тұтты. Сөйтіп, жеңімпаз Атырау локомотив депосы Ганюшкино бөлімінің футбол командасы Атырау қаласында өтетін келесі іріктеу ойынына жолдама алды. Командаларға сайысқа қатысқаны үшін диплом мен арнайы сыйлық табыс етілді. Атырау жүк тасымалы кәсіподақ ұйымының спорт жөніндегі нұсқаушысы Ринат Иманғазиевтің айтуынша, мұндай іріктеу ойындары барлық аудандық тораптарда және темір жол мекемелерінде өтеді.

Суретті түсірген автор

Следующий номер газеты «Қазақстан теміржолшысы» выйдет 9 июля 2021 года.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.